**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**№__2__ ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **20.10. 2023 жыл**

**Қатысқандар: АК төрайымы:**

1.Батырбекова А.Ж. - Физика кафедрасы, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Сарбаева Г.Т. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. | Жылысбаева Г.Н. | -Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 4. | Берді Д.К. | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. | Сарбаева М.Т | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. | Беласарова Ш.М. | - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. | Раманкулов Ш.Ж. | -Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 8. | Шектибаев Н.А | -Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 9. | Усембаева И.Б. | -Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 10. | Омарова И.М. | -Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 11. | Муратбекова М. | -Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 12. | Тойжигитова Б.Б. | -Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 13. | Сейтметова А.М. | -Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а. |
| 14. | Умиров Б.З. | -Биология кафедрасы, магистр оқытушы |
| 15. | Алтынбек Д.Н. | -Математика кафедрасы, оқытушы |
| 16. | Кошанова Г.Д. | -Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы |
| 17. | Аймешов Ж.А. | -Математика кафедрасы, оқытушы |
| 18. | Ниязова Г.Ж. | - Математика кафедрасы, п.ғ.к., доцент |
| 19. | Байтенов А.К. | Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 20. | Ускенова Р.А. | Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директорының міндетін атқарушы |
| 21. | Орманова Г.К. | -ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к. |
| 22. | Қанаева Ж. | 7М01506 - Физика БББ магистранты |
| 23. | Алимова Шахноза Марибқызы | 7М01507-Биология ББ магистранты 2 курс |
| 24. | Балтабай Ақжүніс | 6В01513-Биология ББ студенті 4 курс |
| 25. | Хабибуллаев Алимжан Гайратұлы | 6В01509-Математика ББ студенті 2-курс |
| 26 | Зұлғар Лаура Музафарқызы | 7М01547-Математика ББ студенті 1-курс |
| 27 | Толентаева Ғалия | 8D01502-Математика ББ докторанты 3-курс |
| 28 | Жәдігер Сымбат | 6В01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ студенті 3-курс |
| 29 | Абдулатипов Абдувосит Жумадуллаұлы | 7М01557-Информатика ББ магистранты 1 курс |
| 30 | Егенбердиев Дилмурад Юлдашбайұлы | 8D01516-Информатика ББ докторанты 2 курс |
| 31 | Оралбай Нұрай | 6В01512-Химия ББ студенті |

**Қатыспағандар:**

**Күн тәртібі:**

1. ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру.
2. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасау.
3. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу.
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Батырбекова А.Ж.:** Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қазан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Ең алдымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жайлы ойларымызды ортаға салайық.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент Жылысбаева Г.Н.алды:**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27 наурыз 2023 жылы қабылданған №125 бұйрығын негізге ала отырып, ББ бойынша практика бағдарламаларына енгізілетін өзгерістерді түсіндіру мақсатында факультет деңгейінде «Кәсіби практикаларды ұйымдастыру ерекшеліктері» атты оқу–әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Осы семинар барысында кәсіптік практиканы ұйымдастырудың 4 кезеңі ашып көрсетілді. Олар:

- Дайындық;
- Пропедевтикалық;
- Қалыптастыру;
- Қорытындылау

Кәсіби практиканың негізгі міндеттері, білім алушылардың міндеттері мен құқықтары, жауапкершілік мәселелері қарастырылды.

Осыған орай кафедраларымыз кәсіби практика бағдарламаларын даярлауда жаңа бұйрықты негізге ала отырып, ішкі аудитке даярланды.

**АК төрағасы Батырбекова А.Ж.:** Екінші мәселе Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастауға байланысты ұсыныс берсеңіздер.

**АК мүшесі, академиялық персонал,п.ғ.к., аға оқытушы Кошанова Г.Д.:**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту» туралы 12.10.2022 жылғы №106 бұйрығының 29 тармағы 5 тармақшасына сәйкес, бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы); кестеде берілген білім беру бағдарламаларын ББ реестірінен шығаруды ұсындық.

| № | шифр | ББ тобы | № | шифр | ББ атауы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 6B015 | Жаратылыстану | | 6B01511 | Информатика | 3 жыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пәндері бойынша мұғалімдер даярлау<br><br>Информатика мұғалімдерін даярлау | | | | қатарынан қабылдау болмаған. |

Факультет бойынша мәлімет жинақталып, 20 қазанға дейін есеп берілді.

**АК төрағасы Батырбекова А.Ж.:** Мәжілісіміздің үшінші мәселесі Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу. Осы бойынша бағытымызда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсақ.

**АК мүшесі, академиялық персонал, phD, доцент м.а. Муратбекова М. алды:**
Құрметті АК мүшелері, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Кафедралар бойынша жауапты персоналдар тағайындалды. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларын жоғары дайындықпен көрсетіп, лицензия алатынымызға сенемін.

**АК төрағасы Батырбекова А.Ж.:** Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдадық, жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарымыз өте көп және бірге жұмыла жұмыс жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.
АК мүшелері бірауыздан қолдады.

**Шешім:** ББ бойынша практика бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастырылды, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасалды, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілсін, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:** **А.Ж.Батырбекова**

**Хатшысы:** **Д.К.Берді**